

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 маусымдағы N 989 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне толықтыру енгізу туралы

"Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 18, 206-құжат; 2006 ж., N 10, 88-құжат, N 50, 529-құжат; 2007 ж., N 2, 22-құжат; N 13, 146-құжат; N 45, 528-құжат; 2008 ж., N 1, 1-құжат; N 28, 263-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен айқындалған Республикалық бюджет комиссиясының құрамына енгізілсін:

Бишімбаев - Қазақстан Республикасы Президентінің
Қуандық Уәлиханұлы көмекшісі

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*